**Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**
ХАТТАМА №2

«22» желтоқсан 2022ж.

Төрайымы: Калдина Зауре Асенгалиевна

Хатшы: Жұмахметова Т.Ж.

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Калдина Сауле Асенгалиевна– қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Ұлжабаева Анар Расуловна – мүшесі
3. Агедилов Марат Амерханович - мүшесі
4. Машихина Вера Васильевна-мүшесі
5. Токмурзина Несібелі Меккеқызы – мүшесі
6. Шатыбаев Манарбек Умирзакович – мүшесі
7. Доскалиева Жазира Оралбаевна – мүшесі
8. Бөлекеева Назерке Сазановна – мүшесі
9. Иманбаева Мадина Есимбековна – мүшесі

Шақыруымен: Мектеп директоры: О.И. Бегжанов

**Күн тәртібінде:**

1. Оқу процесін ұйымдастыруда жарақаттанудың алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау

2. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілерді тартуға көмек.

3.«Қамқорлық» қайырымдылық акциялары

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Калдина З.А. сөз алды. Жарақат деп баланың ағзасына тіндердің анатомиялық тұтастығын бұзатын және олардағы физиологиялық үдерістерді бұзатын сыртқы ортаның қандай да бір факторының кенеттен әсер ету нәтижесі деп аталады. Мектеп травматизмі: оқушылар арасында зақымдардың 80 % өзгерістер кезінде орын алады. Олар негізінен тәртіп ережелерін бұзумен байланысты, сондықтан мұғалімдер тарапынан үзіліс кезінде оқушыларды қадағалауды күшейту мектепте пайда болатын жазатайым оқиғалардың алдын алудың негізгі тәсілі болып табылады. Дене шынықтыру сабақтары кезінде болатын жазатайым оқиғалар ерекше назар аударуды талап етеді. Дене шынықтыру сабақтары мен мектептерде жарақат алудың алдын алу үшін балаларды құлау ережелеріне үйрету, гимнастикалық жаттығулар кезінде «сақтандыруды» ұйымдастыру, жас топтарын ескере отырып мектепте сапалы спорттық құрал жабдықтармен қамтамасыз ету қажет.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жетруова Г.К. сөз алды. Биылғы оқу жылында Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға мектеп мұғалімдері ерекше ат салысайын деп жатыр. Жалпы жаңа жылдық ертеңгіліктерді мұғалімдер әр түрлі кейіпкердің рөлін сомдап, дайындық жүргізіп жатыр. Яғни ата-аналардың тұрмыстық жағдайларын ескере отырып, ақысыз іс-шаралар ұйымдастыруға өз үлестерін қосып жатыр. Мектеп пен ата-ана қауымдастығының ынтымақтастығын нығайту мақсатында оқушыларға ерекше мерекелік көңіл күй сыйлайын деп жатыр. Сонымен бірге әкелер кеңесі де әдеттегідей өз үлестерін қосып жатыр. Олар аз қамтылған